

2013-2015 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы N 5-11-1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 15 қаңтарда N 2064 тіркелді. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының 2015 жылғы 30 сәуірдегі N 3.2.3-2/61 хаты)

Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының 30.04.2015 N 3.2.3-2/61 хаты).

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінің 75-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 2013-2015 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті тиісінше 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2013 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер 3 983 661,3 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 503 661 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 5 896 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсімдер – 24 345 мың теңге;

трансферттер түсімдері бойынша – 3 449 759,3 мың теңге;

2) шығындар – 4 231 048,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру – 80 520,5 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 88 291 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 7 770,5 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 4500 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алуға – 4500 мың теңге;

мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (артықшылығы) – -332 408 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (артықшылығын пайдалану) – 332 408 мың теңге, оның ішінде:

қарыздардың түсуі – 88 291 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 7 770,5 мың теңге;

бюджет қаражатын пайдаланылатын қалдықтары – 251 887,5 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 10.12.2013 N 5-20-2 шешімімен (01.01.2013 қолданысқа енгізіледі).

2. 2013 жылға арналған аудан бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне сәйкес келесі салықтық түсімдер есебінен қалыптасуы белгіленсін:

облыстық мәслихат белгілеген кірістерді нормативтер бойынша бөлу арқылы әлеуметтік салық 100 пайыз мөлшерінде;

жеке тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;

жер салығы;

бірыңғай жер салығы;

көлік құралдарына салық;

құмар ойын бизнеске салық;

бензин және жағар май (авиациялықтан басқа) акциздері;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемдер;

жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алымдар;

қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымдар;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін, сонымен қатар оларды қайта тіркеу үшін алынатын алымдар;

көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу, сонымен қатар қайта тіркеу үшін алынатын алымдар;

жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеуге құқығы мен онымен шарт жасау үшін алынатын алымдар;

жылжитын мүлік және кеме немесе салынып жатқан кеме ипотекасы кепілдігін мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алымдар;

сыртқы (визуальді) жарнаманы аудандық маңыздағы жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдарына және елді мекендерде орналастыру үшін алынатын төлемдер;

консульдік алымдар мен республикалық бюджетке түсетін мемлекеттік баждан басқа мемлекеттік баж.

3. Аудан бюджетінің кірістері келесі салықтық емес түсімдер есебінен қалыптасуы белгіленсін:

ауданның коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;

аудан бюджетіне түсетін басқа да салықтық емес түсімдер;

материалдық емес активтер және жерді сату.

4. Облыстық бюджеттен аудан бюджетіне 2013 жылға берілетін бюджеттік субвенциялар 2 440 726 мың теңге сомасында көзделсін.

5. 2013 жылға арналған бюджетті орындау барысында секвестрлеуге жатпайтын аудандық бюджеттік бағдарламалар 4-қосымшаға сәйкес белгіленсін.
6. Аудан бюджетінде 5, 6, 7-қосымшаларға сәйкес 2013, 2014, 2015 жылдарға селолық округтар бойынша бюджеттік бағдарламалар көзделсін.
7. Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша 2013 жылы мұқтаж азаматтардың жеке категорияларына төлем тізбесі 8 қосымшаға сәйкес бекітілсін .
8. 2013 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық бюджеттен мақсатты трансферттер келесі көлемде есепке алынсын:
 - 1) эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуге – 61940 мың теңге;
 - 2) мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыруға – 13172 мың теңге;
 - 3) арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынуға - 6195 мың теңге, оның ішінде: арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттарын енгізуге - 6195 мың теңге;
 - 4) мектепке дейінгі білім ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға - 69356 мың теңге;
 - 5) Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға – 120803 мың теңге, оның ішінде: 12291 мың теңге - негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға; 512 мың теңге - үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламалық қамтумен қамтамасыз етуге;
 - 6) жетім баланы (жетім-балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күттіп - ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдеріне – 14200 мың теңге;
 - 7) мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім ұйымдарының тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға – 33318 мың теңге;
 - 8) үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақысын көтеруге – 10631 мың теңге;
 - 9) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 шілдедегі № 862 қаулысымен бекітілген "Өңірлерді дамыту" бағдарламасын бекіту туралы" (бұдан әрі - Бағдарлама) "Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы аясында өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға – 24 244,3 мың теңге;

10) елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға – 664693 мың теңге;

11) жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұлғайтуға -5321 мың теңге.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 10.12.2013 N 5-20-2 шешімімен (01.01.2013 қолданысқа енгізіледі).

9. 2013 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық бюджеттен берілетін бюджеттік кредиттер ескерілсін:

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға - 88291 мың теңге.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 17.10.2013 N 5-19-1 шешімімен (01.01.2013 қолданысқа енгізіледі).

10. 2013 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен мақсатты трансферттер келесі көлемде есепке алынсын:

1) елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға – 53281 мың теңге;

2) білім нысандары үшін өртке қарсы дабылдаманы орнатуға, ағаш жабдығын (құрылым) өңдеу бойынша өрт сөндіру құралдарын сатып алуға – 1000 мың теңге;

3) білім мекемелерінде видео бақылау үшін жабдықтарды сатып алуға және орнатуға 300 мың теңге;

4) білім мекемелерінде электрондық оқулықтарды енгізуге – 740 мың теңге;

5) елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыруға – 4715 мың теңге;

6) елді мекендердің шекараларын орнатуға – 6131 мың теңге;

7) Жұмыспен қамту Жол картасы 2020 аясында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, инженерлік-көлік инфрақұрылымы және әлеуметтік-мәдени объектілері мен елді мекен пунктерін абаттандыруды бірлесіп қаржыландыруға – 3865 мың теңге;

8) жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұлғайтуға - 423 мың теңге;

9) Саумалкөл с. шағын ауданында 44 үй, толық салынбаған 5 қабатты жатақхананы қосалқы шаруашылықпен тұрғын үйге реконструкциялауға - 22705 мың теңге.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 06.09.2013 N 5-18-1 шешімімен (01.01.2013 қолданысқа енгізіледі).

11. Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттері аудан бюджетінде есепке алынсын – 1949 мың теңге, ревизиялық комиссияның жойылуына байланысты облыстық бюджеттің шығынының орнын толтыруға.

11-1. 9-қосымшаға сәйкес аудан бюджетіндегі қаржылық жыл басына қалыптасқан бюджеттік қаражаттың бос қалдықтары және 2012 жылы пайдаланылмаған республикалық және облыстық бюджеттерден берілген нысаналы трансферттерді қайтару есебінен шығыстар көзделсін.

Ескерту. 11-тармақ 11-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2013.03.29 N 5-12-2 Шешімімен (01.01.2013 қолданысқа енгізіледі).

12. 2013 жылға аудандық жергілікті атқарушы органның резерві 5685 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 11.07.2013 N 5-16-1 шешімімен (01.01.2013 қолданысқа енгізіледі).

13. 2013 жылы бюджеттік сала жұмысшыларына төлемақыны толық мөлшерде төлеу қамтамасыз етілсін.

14. Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес проценті жоғары айлықақы мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

15. 2013 жылға арналған аудан бюджетінің шығындарында ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек көзделсін.

16. Осы шешім 2013 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енеді.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық
мәслихатының XI кезекті
сессиясының төрағасы*

К.Сәлімжанов

*Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық
мәслихатының хатшысы*

Р.Тілеубаева

*КЕЛІСІЛДІ:
2012 жылғы 20 желтоқсан
"Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау ауданының экономика
және қаржы бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы*

М.Рамазанова

Айыртау аудандық мәслихатының
2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 5-11-1
шешіміне
1-қосымша

2013 жылға арналған Айыртау аудан бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 10.12.2013 N 5-20-2 шешімімен (01.01.2013 қолданысқа енгізіледі).

Санаты				Сомасы , мың теңге
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	3 983 661,3
1			Салықтық түсімдер	5 03 661,0
	03		Әлеуметтік салық	2 89 969,0
		1	Әлеуметтік салық	2 89 969,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 68 673,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	9 7 483,0
		3	Жер салығы	8 534,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	5 6 956,0
		5	Бірыңғай жер салығы	5 700,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	3 8 955,0
		2	Акциздер	5 456,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2 2 200,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1 1 217,0
		5	Құмар ойын бизнеске салық	82,0
	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	6 064,0
		1	Мемлекеттік баж	6 064,0
2			Салықтық емес түсімдер	5 896,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	4 349,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3 450,0
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	899,0
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	49,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	49,0
			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және	

04		қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	198,0
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	198,0
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 300,0
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 300,0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	2 4 345,0
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	393,0
	1	Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер	393,0
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	2 3 952,0
	1	Жерді сату	2 3 700,0
	2	Материалдық емес активтерді сату	252,0
4		Трансферттердің түсімдері	3 449 759,3
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 449 759,3
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 449 759,3
Функционалдық топ			Сомасы , мың теңге
	Әкімші		
	Бағдарлама		
	Атауы		
1	2	3	4
			2) Шығындар
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары

459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2 6 460,0
001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 4 077,0
003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	406,0
010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	90,0
011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	1 380,0
015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	507,0
2	Қорғаныс	7 496,6
122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	7 496,6
005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	6 974,0
006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	522,6
3	Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	413,0
458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	413,0
021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	413,0
4	Білім беру	2 474 150,0
464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 474 150,0
001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 671,0
003	Жалпы білім беру	2 182 516,0
004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	7 957,0
005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	1 6 512,0
006	Балаларға қосымша білім беру	1 8 467,0
009	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету	1 19 622,0
015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	1 4 200,0
020	Үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз ету	512,0
040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	6 9 356,0
067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	3 6 337,0
6	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету	1 01 804,5
451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	1 01 804,5
001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 2 970,0

	002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	2 1 576,2
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	821,0
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	3 711,3
	006	Тұрғын үй көмегі	574,0
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	7 260,0
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1 156,0
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 715,0
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	2 8 063,0
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	1 0 543,2
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	3 281,8
	021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	133,0
7		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 051 136,9
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 0 992,7
	008	Елді мекендердің көшелерін жарықтандыру	1 1 135,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1 862,0
	010	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	150,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 3 489,0
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	4 356,7
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4 7 459,0
	012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	3 7 459,0
	026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	1 0 000,0
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	3 865,0
	026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	3 865,0
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	9 6 8 820,2
	003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	4 879,0
	007	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	1 2 042,3
	058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	7 1 7 974,0
		Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде тұрғын жай салу және (немесе) сатып алу және инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымдарды дамыту және (немесе)	

	072	сатып алу	2 3 3 924,9
8		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	9 3 285,1
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	6 4 466,3
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 561,0
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	2 9 940,3
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	2 6 039,0
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	526,0
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	400,0
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	1 3 244,0
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 977,0
	002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	4 900,0
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	300,0
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	67,0
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	1 5 574,8
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 126,0
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	58,0
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1 023,0
	007	Өртүрлі спорт түрлері бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	6 367,8
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	1 1 1 741,6
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	1 9 405,0
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 559,0
	003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	4 715,0
	006	Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	6 131,0
474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	9 2 336,6
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 6 323,0
	003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	138,0
	002	Ақпараттық жүйелер құру	55,0
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	706,0

	013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	6 1 940,0
	099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	1 3 174,6
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	8 506,0
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	8 506,0
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 439,0
	017	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	67,0
12		Көлік және коммуникация	2 3 882,0
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 3 882,0
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2 3 882,0
13		Басқалар	7 2 404,3
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 4 406,5
	040	"Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске іске асыру	1 4 406,5
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4 0 370,0
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 7 312,0
	013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	58,0
	043	"Өңірлерді дамыту" бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымын дамыту	2 3 000,0
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	9 837,8
	041	"Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске іске асыру	9 837,8
469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	7 790,0
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 382,7
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	407,3
14		Борышқа қызмет көрсету	18,0
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	18,0
	021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	18,0
15		Трансферттер	1 6 429,3
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 6 429,3
	006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	1 4 480,3
	024	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 949,0

		3) Таза бюджеттік кредиттеу	8 0 520,5
		Бюджеттік кредиттер	8 8 291,0
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	8 8 291,0
	474	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	8 8 291,0
	009	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	8 8 291,0
Санаты			Сомасы , мың теңге
	Сыныбы		
	Ішкі сыныбы		
	Атауы		
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	7 770,5
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	7 770,5
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	7 770,5
		4) Қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо	4 500,0
Функционалдық топ			
	Әкімші		
	Ішкі сыныбы		
	Атауы		
	Қаржылық активтерді сатып алу		4 500,0
13		Басқалар	4 500,0
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4 500,0
		065 Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	4 500,0
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	0,0
		014 Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	0,0
Санаты			Сомасы , мың теңге
	Сыныбы		
	Ішкі сыныбы		
	Атауы		
6		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
	01	Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
	1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0,0
		5) Бюджеттің тапшылығы (профициті)	-332 408,0
		6) Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану)	332 408,0
7		Қарыздар түсімі	8 8 291,0
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	8 8 291,0

	2	Қарыз алу келісім-шарттары	8 8 291,0
Функционалдық топ			Сомасы , мың теңге
Әкімші			
Бағдарлама			
Атауы			
16		Қарыздарды өтеу	7 770,5
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	7 770,5
	005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	7 770,5
Санаты			Сомасы , мың теңге
Сыныбы			
Ішкі сыныбы			
Атауы			
8		Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	2 5 1 887,5
01		Бюджет қаражаты қалдықтары	2 5 1 887,5
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2 5 1 887,5

Айыртау аудандық мәслихатының
2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 5-11-1
шешіміне
2-қосымша

2014 жылға арналған Айыртау аудан бюджеті

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 06.09.2013 N 5-18-1 шешімімен (01.01.2013 қолданысқа енгізіледі).

Санаты				Сомасы , мың теңге
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	3 003 219
1			Салықтық түсімдер	488 240
	03		Әлеуметтік салық	270 069
		1	Әлеуметтік салық	270 069
	04		Меншікке салынатын салықтар	174 525
		1	Мүлікке салынатын салықтар	104 106
		3	Жер салығы	8 727
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	56 663

	5	Бірыңғай жер салығы	5 029	
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	38 187	
	2	Акциздер	5 446	
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	23 219	
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	9 422	
	5	Құмар ойын бизнеске салық	100	
08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	5 459	
	1	Мемлекеттік баж	5 459	
2		Салықтық емес түсімдер	3 959	
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3 147	
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3 147	
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	812	
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	812	
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	7 200	
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	7 200	
	1	Жерді сату	7 200	
4		Трансферттердің түсімдері	2 503 820	
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2 503 820	
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2 503 820	
Функционалдық топ				
	Әкімші		Сомасы , мың теңге	
	Бағдарлама			
	Атауы			
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	3 005 168
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	253818
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	13096
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13096
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	61327
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	61327
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	152669
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	152669
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	26726
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25767
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	637
		011	Учет, хранение, оценка и реализация имущества, поступившего в коммунальную собственность	322

2		Қорғаныс	8122
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	8122
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	7462
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	376
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	284
4		Білім беру	2382832
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2382832
	001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9442
	003	Жалпы білім беру	2149395
	004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	8519
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	18696
	006	Балаларға қосымша білім беру	22193
	009	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету	134208
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	40379
6		Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	117187
	451	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	117187
	001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24705
	002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	22911
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	1092
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	8097
	006	Тұрғын үй көмегі	2472
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	7768
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1237
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1835
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	27959
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	15729
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	3382
7		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	67924
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	18075
	008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	15666
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	815

	010	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	162
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1432
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	49849
	012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	49849
8		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	90476
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	64918
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6956
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	29110
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	28290
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	562
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	13394
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7634
	002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	5760
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	12164
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6865
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	560
	007	Өртүрлі спорт түрлері бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	4739
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	26165
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	9067
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9067
474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	17098
